

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Эффект профилактики должностных преступлений мерами экономического, социального, правового, культурно-воспитательного характера достигается главным образом в результате реализации общесоциальных мер.

Список использованных источников:

1. Агимбетов Б. Каждый четвертый коррупционер в РК осужден за злоупотребление полномочиями, 2015 <http://www.kazpravda.kz/rubric/obshchestvo/kazhdii-chetvertii-korrupsioner-v-rk-osuzhden-za-zloupotreblenie-polnomochiyami/>.
2. Вахренева, И.Н. Криминалистическая характеристика злоупотреблений полномочиями и превышения полномочий воинскими должностными лицами. Актуальные проблемы права / И.Н. Вахренева // Научно – практический сборник ФГОУ ВПО «КПИ ФСБ России». 2011. № 4.
3. Ульянов, Д.В. Расследование злоупотребления должностными полномочиями : дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.09 / Ульянов Дмитрий Владимирович. Люберцы, 2011.
4. Холопова, Е.Н. Криминалистическая характеристика злоупотреблений должностным лицом своими полномочиями. Правовое и криминалистическое обеспечение управления органами расследования преступлений / Е.Н. Холопова, И.Н. Вахренева // Академия управления МВД России. 2011. Ч. 3.
5. Чистова, Л.Е. О соотношении уголовно-правовой и криминалистической характеристик / Л.Е. Чистова // Вестник криминалистики. Выпуск 1. М.: Спарк, 2006.
6. Алексеев А.И., Герасимов С.И. Сухарев А.Я. Криминологическая профилактика: теория, опыт, проблемы. — М.: Норма, 2001. — 496 с.
7. Россия и коррупция: доклад фонда ИНДЕМ. — М.: Моск. клуб юристов 1999. — С. 5 — 13
8. Колосовский Д.Ю. Криминологические вопросы применения нового уголовно-процессуального законодательства в аспекте борьбы с должностной преступностью на Северном Кавказе // Преступность в разных ее проявлениях и проблемы организованной преступности. — М.: Российская криминологическая ассоциация, 2004. — С. 222—226.
9. Криминология: учебник / под ред. В.Н. Кудрявцева, В.Е. Эминова. — М.: Норма, 2009. — 800 с.

УДК 347.2/3

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Каирбаева Назгуль Алтынбековна

nazgulya-5@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ Заң факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Г. Кожахметова

Инновацияның басты мәні - ғылым не техника саласындағы интеллектуалдық қызмет нәтижесі, ол ғылыми-техникалық прогресспен тығыз астасып, оның нәтижесі болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына кіру мақсатында еліміздің экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларына инновациялық бағыттар енгізілуде, оның ішінде тұрғын үй құрылысындағы инновациялық қызметтің бағыттары жылдан-жылға өсу процесінде. Тұрғын үй құрылысындағы инновациялық қызметтің даму сипаты құқықтық реттелуге, яғни заңдар мен заңға тәуелді актілерге негізделіп жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз – белгілі бір салаға тән ережелер мен нормалардың болуы және әсер етуі арқылы инновациялық қызмет өзінің даму бағыты мен ерекшеліктерін айқындау.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық кәсіпкерліктің дамуы тұтынушылар тарапынан инновацияларға деген сұранысына байланысты, ұлттық экономиканың дамыған ғылыми-техникалық потенциалының болуына байланысты жүзеге асырылып, басты субъектілері ретінде инновациялық қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен барлық меншік нысанындағы ұйымдар болып табылады [1, 12].

2015 жылы 29 қазанда қабылданып, осы жылдан бастап әрекетке енген ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 242-бабына сәйкес, еңбек өнімділігін арттыру және экономиканың басым секторларының дамуын ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында, экологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін ескере отырып, индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға байланысты жеке немесе заңды тұлғалардың қызметі индустриялық-инновациялық қызметі болып табылады. Индустриялық-инновациялық қызмет пен бағыттар заңға сәйкес мемлекет тарапынан қолдауға ие және бәсекеге қабілеттілікті арттыру, интеграциялау, иновацияларды тиімді ендіру, технологияларды жаңғырту, қызмет субъектілеріне жәрдем көрсету сияқты міндеттерді орындайды [2]. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттің барлық салаларына енгізу және тиімді жұмыс жасауына жағдайлар жасау мемлекеттің тікелей басшылығымен және қолдауымен жүзеге асырылады. Аталмыш индустриялық-инновациялық қызметті тұрғын үй құрылысында пайдалану бірнеше заңдық нормалар мен ережелерге байланысты іске асырылады. Оларға тоқталып өтсек: тұрғын үй құрылысының сипаты мен ерекшеліктері, оған қойылатын талаптар, ең алдымен, 1997 жылы 16 сәуірде қабылданған ҚР-ның «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында, 2003 жылы 20 маусымда қабылданған Жер кодексінде, 1994 жылы 3 қарашада қабылданған ҚР-ның «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Заңында және 2001 жылы 16 шілдеде қабылданған ҚР-ның «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңында белгіленіп, осы нормативтік актілерге сәйкес реттелінеді.

Тұрғын үйге әрекеттегі Жер кодексінің 107-бабына сай, құрылыстар алып жатқан әрі көп пәтерлі және көп қабатты тұрғын үйлер, үй маңындағы жер учаскелері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған тұрғын жай салатын жер кіреді. Тұрғын үйлер Жер кодексінде айқындалған жер санаттарының ішінде елді мекендер жері санатына жатады және елді мекендердің жері олардың бас жоспарларына, жоспарлау мен құрылыс салу жобаларына және аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдаланылады.

Келесі нормативтік-құқықтық актіге назар аударсақ, ҚР «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Заңына сәйкес, ҚР әрбір азаматы, өзінің тұрақты тұрғын жеріне қарамастан, сондай-ақ, жер заңнамасына сәйкес республика аумағында жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға құқылы болып табылады. Тұрғын үйді салу үшін құрылыс салушы құрылыс және міндетті ережелерді бұзбайтын, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына кез келген жобасын ұсынуы керек [2]. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылы 30 қарашадағы «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін бөлінген аландар, елді мекеннің бекітілген бас жоспарына, жоспарлау жобасына және елді мекеннің құрылыс салу жобасына сәйкес орналастырылады. Жеке тұрғын үй құрылысының аудандарын жобалау және салу қажетті инженерлік-көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ете отырып, кешенді түрде жүзеге асырылады. Жеке тұрғын үйлерді жобалау және салу қала құрылысы құжаттамасына және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады [3].

Алдыңғы заңнамалық актіде аталған инфрақұрылым мәселесі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 49-бабында да реттеліп, тұрғын аймақ және тұрғын үйлерге жапсарластыра салынған медициналық қызмет көрсететін, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-ағарту мақсаттарына арналған объектілермен, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің салынуын және тұрғын аймақтарды олармен қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қоса, тұрғын аймақ көлік құралдарына арналған тұрақтармен, пәтерлердің санына сәйкес қажетті орынтұрақ

алаңымен, балалар және спорт алаңдарымен қамтамасыз етілуі тиіс [4]. Мысалы, Астана қаласында 2008 жылдан бастап эксплуатацияға берілген «Базис-А» компаниясының «Северное сияние» тұрғын үй кешені тұрғын үйлермен қоса, объектілердің толықтай кешенін құрайтын инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар «ВІ Group» құрылыс компаниясының да құрылыс объектілері қазіргі толықтай инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген талаптарға сай салынған, мысалы, Алматы қаласындағы «Асыл тау» тұрғын үй кешені демалыс, спорт алаңдары, балаларға арналған алаңдары, балабақшаны қамтитын инфрақұрылымымен қоса, ыңғайлы салынған автопаркингті де қамтиды.

Жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілерде көзделген талаптар мен ерекшеліктерді тұрғын үй құрылысы саласында жаңа инновациялық бағыттарды енгізудің алғышарттары мен бастапқы платформасы ретінде қарастыруға болады. Ал бұл мәселелерді халықаралық деңгейде қарастырып, жаңа халықаралық стандарттарды енгізу – мемлекеттің тұрғын үй саласындағы басты мақсаттардың бірі. Қазіргі жаһандану заманында әлемдік жаңа технологиялар мен новацияларға ілесу мақсатымен халықаралық ұйымдар, халықаралық шарттарда белгіленген стандарттар мен бағдарламалар Қазақстанға да енгізілуде. Солардың бірі –Қазақстандағы БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) ұйымының қызметі. БҰҰДБ мен ҚР Үкіметі арасында «Тұрғын ғимараттарды энергетикалық тиімді жобалау және салу» бағдарламасы қабылданып, аталмыш бағдарлама аясында тұрғын үй секторы нарығында жаңа тәжірибелерді, оның ішінде «Жасыл» құрылыс, «Пассивті үй» сияқты өзекті әрі спецификалық тәжірибелерді Қазақстанда енгізу қолға алынды. 1) «Жасыл» құрылыс (Greenconstruction, GreenBuildings) – құрылыстың өмірлік циклі бойына (жобалауға учаскені таңдау, құрылыс, эксплуатация, жөндеу, қирауы) энергетикалық және материалдық ресурстарды тұтыну деңгейін төмендету мақсатын көздейтін ғимараттар эксплуатациясы мен құрылыс тәжірибесі. Тұрғын үй құрылысына «жасыл стандарттарды» енгізу қажеттілігі: қоршаған орта ластануының күрт төмендеуі; электр және жылу энергиясын тұтынудың төмендеу деңгейі (50 % дейін); суды тұтынудың 40 %-ға дейін төмендеуі; заманауи сәулет және ландшафты шешімдер және т.б.

Осыған байланысты «жасыл» құрылыс халықаралық BREEAM (Ұлыбритания) және LEED (АҚШ) стандарттарына жауап беруі керек және ҚР «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығының директоры, э.ғ.д. Б. Есекинаның пікірі бойынша, Қазақстанда BREEAM және LEED стандарттарына жауап беретін жасыл технологияларды қолдану қолға алынған. Мысалы, «Базис-А» компаниясы «Жасыл квартал – EXPO Village» жобасын қолға алған. Ал BREEAM халықаралық сертификаттаудың орталығы болған Ұлыбританияда құрылыстардың 80%-ы осы стандарттарға жауап береді. 2) «Пассивті» үй – жылытудың жекелеген әдісі керексіз болып қалатын және жылытуға энергияның аз мөлшердегі шығыны болатын тұрғын ғимарат. Қазақстанда тұрып қызмет атқаратын жапондық сәулетші Юджи Имайоның пікірінше, Қазақстанда пассивті үйлердің қажеттілігі әлі туындымады, бұл технологияны халықтың қажет етуіне әлі уақыт керек деген [5]. Бірақ бұл технологияны АҚШ, Жапония, Корея және Ресей сияқты мемлекеттер қолданады. Мысалы, АҚШ-тың Массачусетс штатындағы Braver House пассивті үйі 2011 жылы салынған. Пассивті үйдің артықшылықтары: тұрғын ғимараттың контуры бойынша жылыту изоляциясының жоғары деңгейі; ғимараттың ауа өткізбейтін қабықшасының болуы; жоғары деңгейлі рекуперациясы бар ыңғайлы бақыланатын вентиляция; негізгі фасадтың оңтүстік бағыты мен оңтүстікке бағытталған үлкен терезе ойықтары және т.б.

«Тұрғын ғимараттарды энергетикалық тиімді жобалау және салу» бағдарламасы аясындағы тәжірибелер ҚР-ның 2012 жылы 13 қаңтарда қабылданған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңымен және 2014 жылы 28 маусымда қабылданған «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы арқылы реттелінеді. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңның 11-бабына сай, жобаланатын және салынатын (реконструкцияланатын, қайта жөнделетін) үйлер, құрылыстар мен ғимараттар ҚР энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі жөніндегі заңнама талаптарына жауап беруі тиіс және бұл

талаптарды орындау құрылыс салушыға жүктеледі. Энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды сақтау міндеті жеке тұрғын үйлер, жалпы алаңы елу шаршы метрден аз бөлек тұрған үйлер, бөлек тұратын жылытылмайтын тұрғын үйлер мен т.б. заңда көрсетілген құрылыстарға қолданылмайды [6]. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы ұйымының тұрғын үй құрылысы саласындағы бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысының мәселелері бойынша құзыреті бар негізгі органдар ҚР Ұлттық экономика министрлігінің құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті мен ҚР Энергетика министрлігінің атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті болып табылады. Бұл органдар тұрғын үй құрылысы салсындағы «Тұрғын ғимараттарды энергетикалық тиімді жобалау және салу» бағдарламасының жобасын іске асырылуын қадағалап, дамуына жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді [7].

Халықаралық стандарттардың енгізілуі мемлекеттік бағдарламалар тарапынан да реттеліп, олардың шеңберінде, яғни заңға сай әрекет ету тиіс. Осындай бағдарламалардың бірі – Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы. ҚР-ның Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы «Өңірлерді дамыту», «Қолжетімді тұрғын үй - 2020», «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» сияқты бұрын қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды қамтиды. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының іс-шаралары тұрғын үй құрылысы саласындағы мемлекеттік қолдаудың келесі басымдықтарына ие: 1-басымдық. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту (электрмен, жылумен, газбен, сумен жабдықтау жүйелері): Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және салу республикалық және жергілікті бюджет арқылы жүзеге асырылады. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытудың ірі инвестициялық жобаларының бірі – Алматы облысындағы «G4 City» төрт серіктес қала және «Алтын сай» серіктес қала; 2-басымдық. Қолжетімді тұрғын үй салу (ҚТҰҚЖБ, «ҚИК» ИҰ) АҚ тұрғын үйі, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тұрғын үйі, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу т.б.); 3-басымдық. Тұрғын үй қорын жаңғырту (терможаңғырту): кондоминиум объектілерін күрделі жөндеу негізінде жүзеге асырылады және терможаңғырту элементтері арқылы күрделі жөндеу жасалған жағдайда жылу тұтынуды үнемдеу көрсеткіші 30%-ға дейін жетеді. Мысалы, Қарағанды қаласында «GreenPark» компаниясы Кривогуз көшесі бойында салған тұрғын үй кешенін салған уақытта терможаңғырту элементтерін қолданған; 4-басымдық. Ірі өңірлік индустрияландыру жобаларына, туризм саласының және энергияның балама көздеріне арналған инфрақұрылымды дамыту [8]. Бұл 4 басымдық арқылы инновациялық жобаларды іске қосу тиімдірек жүзеге асырылады. Мысалы, келесі бірнеше инновациялық жобаларды қарастыруымызға болады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Инновациялар – бұл кез келген экономикадағы, әр саладағы, әрбір кәсіпорындағы бәсекелестік негізі» деп айтып кеткендей, тұрғын үй құрылысы секторында өзгеше инновацияны енгізе алатын жобалардың бірі - Smart Astana жобасы. Бұл жоба ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Жол картасы шеңберінде жүзеге асырылатын Астананың тұрақты даму концепциясы. 2014 жылы 29 желтоқсанда ҚР Үкіметі «Елорданың 2050 жылға дейін әлемнің үздік 10 қаласының рейтингіне кіру тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы қабылданып, «Ақылды қала» концепциясы «Astana Innovations» АҚ Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен пилоттық жобалар іске асырылуда. 2050 жылға дейін бұл проблема құрылыс индустриясында қосымша өндірістер ашу, қолжетімді бағамен жедел және қолайлы тұрғын үй тұрғызудың инновациялық технологияларын қолданатын үй салатын комбинаттар құру сияқты инновациялық бағыттар арқылы шешімін табуы тиіс деп бекітілген. Сапалы әрі қолжетімді түрде жабдықталған тұрғын үй мәселесі қаулыда көрсетілген адами капиталды (интеллект, білім, денсаулық, өнімді еңбек және өмір сапасы) қалыптастырудағы тетіктердің бірі болып табылады. Қаулыға сай, Smart Astana - «Ақылды қала» жобасының концепциясы 3 кезеңнен тұрады. I кезеңде – тұрғын үй құрылысы бойынша пилоттық жобаларды іске асыру, II

кезеңде – құрылыс саласында жаңа технологиялар мен материалдар қолданылып, тұрғын үй қоры мен әлеуметтік ғимараттар жүйелерінің жұмысында энергия шығындары 20 %-ға қысқаруы көзделген. III кезеңде концепцияда белгіленген әрбір сала инфрақұрылымында инновациялық белсенділік байқалып, дамудың жаңа әрі сапалы деңгейі байқалады.

Келесі инновациялық жобалардың бірі – ҚР-да «Жасыл экономика» тұжырымдамасының бағыттарын енгізу. Бұл тұжырымдама Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыру және әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында жүйелі жаңартулар үшін жағдай жасайды. «Жасыл экономикаға» көшудің негізгі басым міндеттерінің біріне қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртып, жағаларын салу жатады. Бұл жобаны мемлекетімізде іске асыру мақсатында 2013 жылы 30 мамырда ҚР Президентінің «ҚР «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Жарлығы қабылданды. Жарлыққа қосымша қабылданған түсіндірмеге сәйкес, «Жасыл экономика» концепциясы 3 кезеңде: I – 2013-2020 жж.; II – 2020-2030 жж.; III – 2030-2050 жж. өзінің «жасыл» инфрақұрылым жобалық тетігін іске асырады. «Жасыл экономика» концепциясы аясында «жасыл» құрылысты да дамытудың қолға алынғаны жоғарыда көрсетілген. Қазақстанда «жасыл» технологияларды қолданатын объектілердің бірі – EXPO-2017 қатысушыларына салынып жатқан 1300 пәтерді қамтитын тұрғын үй кешендері. Бұл кешендер тек аталмыш жоба үшін ғана емес, ірі масштабты іс-шара аяқталғаннан кейін Астана қаласындағы бұл тұрғын үйлер тұрғындар үшін қолжетімді бағамен сатылу мүмкіндігі көзделіп отыр.

Қазақстанға тұрғын үй құрылысы саласындағы инновациялық жаңалықтар мен жобаларды енгізу үшін шетелдік тәжірибелер мен модельдерді пайдаланып, заңдарда реттелген талаптарға сай жауап бере алатын тұрғын үй кешендерін салудың маңызы зор. Мысалы, Қытайдағы WinSun Decoration Design Engineering Co компаниясы үйлерді басып шығаратын 3D-принтерді тұрғын үй құрылысы саласында пайдаланып жүр, немесе Лондон қаласында құрылысшылар тұрғын үй құрылысындағы жаңа инновация гибриді күн жүйесін қолдануды енгізуде (төбені күндік генераторға айналдыру). Қазақстан үшін тұрғын үй құрылысындағы жаңа тәжірибелердің бірі – пентхаустарды салу. Заманауи талаптарға сай, пентхаус үш-төрт деңгейден тұратын, кең көлемді көрінісі, жеке лифті мен жеке террасасы бар, тұрғын үйдің төбесінде орналасқан жекежай болып табылады. ABC Royal Estate риэлтрлік компанияның маманы Бауыржан Батжановтың айтуы бойынша, Қазақстанда пентхаустар саны аз, Астана қаласының өзінде 50-70 шамасында, ал міндетті талаптарына жауап беретіні тек 10 шақтысы. Сатылымға қойылған Астанадағы пентхаустардың қатарында Green Village, Europe Palace және Rixos Khan Shatyr Residences және олардың бағасы 1,5 млн доллардан 2,3 млн долларға дейін барады [9].

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптарына сүйене отырып, келесі ұсыныстарды ескері жөн деп есептейміз:

- біріншіден, заманауи талаптарға сай келетін әрі инновацияланған тұрғын үйлерді салуда шығындарды қысқарту үшін шетелдік қымбат құрылыс материалдарды импорттаудың орнына отандық өндірушілер өндірген құрылыс материалдарды қолдану және оны құқықтық реттеу. Мысалы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жабдықтары мен материалдары ретінде үнемдеу және дағдарыстың бұл жобаларды іске асыруда кедергі болмас үшін отандық өндірушілердің өнімдерін қолданады, сонымен қатар EXPO-2017 қатысушылары үшін салынып жатқан 21 тұрғын үй кешенінен тұратын EXPO Residence құрылысы үшін ең үздік отандық өнімдер пайдаланылады;

- екіншіден, тұрғын үй құрылысы саласындағы инновациялық бағыттарды енгізу мәселелерін зерттегенде инфрақұрылым мәселесін де егжей-тегжейлі қарастыру: салынуы, мерзімдері, тұрғын үй кешенінің міндетті компоненті ретінде, тұрғын үйді халыққа беруде мерзімнің инфрақұрылымның салынбағаны салдарынан өтіп кетуі, инфрақұрылымның салынуына жауап беруші органдардың құзыреті;

• үшіншіден, тұрғын үй құрылысымен қоса, заңда көзделген міндетті талаптарға жауап беретін паркінгтер құрылысын дамыту, яғни инновациялық әдістерді қолдана отырып, халықтың тұрмыс деңгейіне сәйкес әрі ыңғайлы болатын паркінгтерді жеке ғимарат етіп салу немесе екі деңгейлі, үш деңгейлі кірістірілген етіп құру. Мысалы, көлік құрылысының өсуіне байланысты әлемде паркінгтердің инновацияланған жүйесін: Токиодағы «жасыл» көліктұрақ, Корея мен Жапониядағы автоматизацияланған көліктұрақтар мен Германиядағы Вольфсбург қаласындағы мұнара етіп салынған көліктұрақтары және т.б. Қазақстандағы тұрғын үй құрылысымен сабақтастыра отырып енгізу;

• төртіншіден, жеке кәсіпкерлік экономиканың дамушы тетігі болғандықтан және жеке кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау заңда реттелген нормаларға сәйкес жасалып жатқандықтан, тұрғын үй құрылысындағы инновациялық бағытты жеке кәсіпкерлік қызмет арқылы іске асыруды ұлғайту.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Костенко М.А. Правовые основы инновационной деятельности: учебное пособие. – ТТИ ЮФУ, 2012. – 72 б.
2. Жеке тұрғын үй құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 3 қарашадағы №213 Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940001100>
3. Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 бұйрығы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012684>
4. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242>
5. <http://today.kz/news/zhizn/2015-07-09/619865-v-almaty-nacnut-stroit-passivnye-doma/>
6. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы №541-IV Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000541>
7. Агапова К. Международная практика зеленого строительства: отчет. – Москва, 2011.// <http://kz.beeca.net/biblioteka/ee-v-zdaniyah/publikacii/315>
8. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысы.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000728>
9. <http://www.kn.kz/article/7964/>

УДК 342

НОРМАТИВНЕ РЕГУЛЮВАННЯ ПРАВА НА ІНФОРМАЦІЮ: ІСТОРІЯ ТА СУЧАСНІСТЬ

Калаченкова Катерина Олександрівна

k.kalachenkova@donnu.edu.ua

доцент, кандидат юридичних наук, доцент кафедри господарського права Донецького національного університету м. Вінниця

Розвиток сучасної цивілізації у сфері інформації характеризується виділенням інформації як основної категорії у взаємовідносинах суспільства з державою, людиною з державою, людей між собою. Інформація має універсальний характер: є об'єктом прикладання зусиль людини, засобом (інструментом) людської діяльності і продуктом цієї діяльності.